



QAZAQ UNIVERSITETI



Апталық
1948 жылдың
20 сәуірінен
шыға бастады

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АПТАЛЫҚ ГАЗЕТ

WWW.FARABI.UNIVERSITY

№8 (1966) 8 НАУРЫЗ 2025 ЖЫЛ

Мейірім мен жылылық мерекесі



**Құрметті ҚазҰУ-дың оқытушы ханымдары,
қызметкер азаматшалары,
білім алушы қыздар!**
**Сіздерді 8 Наурыз – Халықаралық әйелдер
күнімен шын жүректен құттықтаймын!**

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Аналар мерекесіне арналған салтанатты жиында: «Әйел – шаңырақтың шырағы, ұлттың ұйытқысы. Әйелдер қауымы санасы сергек, ойы азат ұрпақ өсіріп, Отанымыздың өркен жаюына айрықша үлес қосып отыр. Аналары алаңсыз қоғамда балалар да бақытты өмір сүреді», – деп атап өтті.

Бүгінгі күні мемлекет гендерлік теңдікті сақтауға, әйелдер құқығын қорғауға және отбасы құндылықтарын нығайтуға ерекше мән беріп келеді. Әйелдер қауымы ұрпақты білім мен ғылымға тартуда, жастарға ұлттық тәрбие беруде өлшеусіз еңбек сіңіруде. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің дамуына әйел ғалымдарымыз үлкен үлес қосып отыр. Қа-

зіргі таңда ҚазҰУ қызметкерлерінің 68,42 пайызы (3522) – әйелдер қауымы. Оның 36,3 пайызы (1279), яғни тең жартысы ғылыммен айналысады. Университетіміздегі 647 ғылым докторының 385-і – әйел ғалымдар. 697 ғылым кандидатының 499-ы және 588 PhD доктордың 394-і – әйелдер. Сонымен қатар әйел ғалымдардың арасынан шыққан 1 ҚР ҰҒА академигі, Қазақстан жоғары мектебі Ұлттық ғылым академиясының 3 корреспондент-мүшесі бар. Университетте халықаралық, республикалық ғылыми жобаларға 133 ғалым-әйел жетекшілік етеді. Ал әкімшілік басқару бағытының 72,54 пайызы (214) – іскер әйел-ханымдар. Қызмет көрсетуші мамандар құрамында 62,99 пайыз (521) әйел адам жұмыс істейді.

Университеттің 90 жылдық мерейтойында ҚазҰУ-дың 46 қызметкері ҚР Президентінің мемлекеттік наградаларымен марапатталды. Оның 25-і (54,3%) – әйел азаматтар. Атап айтқанда, 1 адам – II дәрежелі «Барыс» орденімен, 1 адам – «Парасат» орденімен, 6 әйел – «Құрмет» орденімен, 11 әйел – «Ерен еңбегі үшін» медалі және басқа да марапаттар. Сонымен қатар университетіміздің 22 қызметкері ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің ведомстволық наградасымен марапатталды. Оның 18-і (81,8%) – әйел азаматтар.

Оқу ордамыздың 28 әйел қызметкері Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің ведомстволық награда-сымен марапатталды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың қолдауымен Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың 12 жас ғалымы пәтер алды. Оның 8-і – ғалым қыздар.

Қазіргі таңда университетімізде 28 904 студент білім алуда. Оның 17 834-і (61,7%) – ер бала, 11 070-і (38,2%) – қыздар.

Құрметті ҚазҰУ арулары!

Сіздер әлемге мейірім мен жылылық сыйлап жүрген аяулы жандар-сыздар. Сіздер ұрпақтың бойына ең асыл құндылықтарды сіңіріп, оларды еңбеккер, білімпаз болуға тәрбиелеп келесіздер. Баршаңызға мықты денсаулық, отбасыларыңызға қуаныш-береке, еңбектеріңізге табыс тілеймін!

**Құрметпен,
Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық
университетінің
Басқарма
Төрағасы – Ректор
Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ**



Еңбегімен еленген арулар марапатталды

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ер-азаматтары ұжымдағы қыз-келіншектерді 8 Наурыз – Халықаралық әйелдер күнімен құттықтады.

Мерекені Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев құттықтау сөзбен ашты.

«Бүгінде әйелдер өндірісте, спортта, ғылымда, денсаулық сақтау және көптеген тағы басқа салаларда еңбек етіп, өскелең ұрпақты отансүйгіштік пен еңбекке деген құрмет рухында тәрбиелеп отыр. Биыл Элеонора Сүлейменова, Фалия Жүсіпова, Шолпан Асқарова, Гүлсім Сүлейменова сынды университетіміздің бірқатар көрнекті әйел-ғалымдары өздерінің 80 жасқа толған мерейтойларын атап өтуде. Ғылыми-педагогикалық еңбек жолын қара шаңы-

рақ ҚазҰУ-мен байланыстырған әйел-ғалымдарымыз үлкен мектеп қалыптастырып, ізбасар шәкірттерін тәрбиелеп келеді. Әйелдер қауымы – жылылық, сүйіспеншілік пен әлемдегі үйлесімділіктің қайнар көзі. Әр күндеріңіз қуанышқа, шаттық пен жақсылыққа толы болсын!» – деп ізгі тілегін білдірді ректор.

Сөз соңында ҚазҰУ ректоры Жансейіт Түймебаев университет дамуы мен ғылым саласына сіңірген елеулі еңбегі үшін әйел-оқытушыларды, әйел-ғалымдарды, қызметкер азаматшаларды Құрмет грамотасымен және Алғыс хатпен марапаттады. Салтанатты шараға қатысқан ҚазҰУ аруларына арнайы гүл шоқтары сыйға тартылды.

Ерекше көңіл күймен өткен мерекелік іс-шара ұжымдағы ер-азаматтар дайындаған концерттік бағдарламаға ұласты.

Гүл ҚҰТТЫБЕКҚЫЗЫ



4-бет
Тұрақты туризм зертханасы отандық туризмді дамытуға ықпал етеді



5-бет
**Салтанат БӨЛЕГЕНОВА:
Білім деңгейі жаңа мүмкіндіктермен бірге дамуда**



8-бет
Әбиба Гран-при турнирінде алтын алды



Медицина саласын дамытуға уағдаласты

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев Қытайдың BGI Group геномдық компаниясының ТМД аумағы бойынша бас директоры Чэн Джунмен кездесу өткізді.



Чэн Джун BGI Group компаниясы ҚазҰУ-мен әріптестік байланыс орнатуға әрқашан дайын екенін жеткізді.

«BGI Group компаниясында денсаулық, ауыл шаруашылығы бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізіледі. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да медицина факультеті бар. Біз медицина саласында университетпен тереңдетілген ынтымақтастық орнатуға

мүдделіміз. Студенттерді біздің компанияға академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша жіберіп, тағылымдамадан өткізуге мол мүмкіндік бар. Біз үшін ғылыми байланысты күшейту маңызды», – деді Чэн Джун.

Келіссөз барысында тараптар алдағы уақытта серіктестік орнату мақсатында өзара түсіністік туралы меморандум жасасуға уағдаласты.



Ядролық физика саласында тәжірибе алмасады

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев Корея гидро және атом энергетикасы орталық ғылыми-зерттеу институтының (KHNP) делегациясымен кездесті.

номикасы және корей тілін кешенді зерттеу үшін күш-жігерін біріктіру.

Сондай-ақ ЖОО басшысы ҚазҰУ-дың өлемдік ғылыми орталықтармен ынтымақтасуы үшін жеткілікті ресурстарға ие екенін атап өтті. ҚазҰУ-дың ядролық физика саласындағы әлеуеті зор. Су ресурстары саласында география және табиғатты пайдалану факультетіндегі Тұрақты даму және табиғатты ұтымды пайдалану ғылыми орталығында (УРИРП) ғылыми жобалар іске асырылуда. Алда әлі көп жұмыс бар, сондықтан университет өлемдік ғылыми орталықтармен байланысты дамытуды көздейді. Кореялық әріптестермен бірлесіп Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ базасында ғылыми орталық құру бастамасы перспективті болмақ.

Кореяның гидро және атом энергетикасы орталық ғылыми-зерттеу институтының басшысы Хо Чхоль Шин қонақжайлылығы үшін алғысын білдіріп, ҚазҰУ ғалымдарымен ядролық физика саласында тәжірибе алмасуға және өзара тиімді әріптестікті дамытуға дайын екенін білдірді.

Ынтымақтастықты дамыту және одан әрі өзара іс-қимыл бағытын талқылай отырып, тараптар өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойды.

Ректор кездесуде ҚазҰУ-дың Оңтүстік Кореяның 60 университеті және ұйымдарымен, соның ішінде Сеул ұлттық университеті, Каннам университеті, Пусан шет тілдер университеті, Донгук университеті және басқалармен тікелей серіктестік орнатқанын атап өтті. Ынтымақтастық студенттер мен оқытушылар алмасу, бірлескен ғылыми жобаларды іске асыру, профессорлар шақыру, PhD докторанттарға басшылықты жүзеге асыру сияқты бағыттардың кең спектрін қамтиды.

ҚазҰУ-дың шығыстану факультетінің Қиыр Шығыс кафедрасында корейтану пәні бар. Университетте Халықаралық корейтану орталығы табысты жұмыс істейді. Оның мақсаты – корейтанушы ғалымдардың, оқытушылардың, докторанттардың және студенттердің Корея тарихы, мәдениеті, саясаты, эко-

Халықаралық байланыс нығаяды

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев Халықаралық ғылыми-техникалық орталығының атқарушы директоры Карина Ангелиеваны қабылдады.



гелиева ілтпат білдіргені үшін білім ордасының басшылығы мен ұжымына ризашылығын білдіріп, екіжақты ынтымақтастықты одан әрі нығайтуда бар күш-

жігерін салатынын жеткізді. Келіссөз нәтижесінде тараптар болашақта бірлесіп жұмыс істеуге уағдаласып, естелік сыйлықтармен алмасты.

Францияға жазғы мектепке шақырды

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев Қазақстандағы TotalEnergies Renewables компаниясының басқарушы директоры Тьерри Плезанды қабылдады.



студенттерін белсенді қатысуға шақырамыз. Аталған жоба энергетика және физика салаларына арналады. 200-ден астам білім алушы жас қатысады деп күтілуде», – деді Тьерри Плезан.

ілтпат білдіргені үшін білім ордасының ректорына ризашылығын жеткізді. Сонымен қатар өз сөзінде құрметті мейман бірқатар ұсынысын ортаға салды.

«Алдағы уақытта біз жазғы мектепті ұйымдастыруды көздеп отырмыз. Соған ҚазҰУ



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ардагер оқытушысы, профессор, Ресей Жаратылыстану академиясының академигі Лейла Ахметова «Парасат» орденімен марапатталды. Ал жас ғалым, доцент міндетін атқарушы Айзат Демесінова пәтер сертификатына ие болды.

ҚазҰУ ғалымдары қуанышқа кенелді



кет басшысының тапсырмасы бойынша жас ғалымдарды қолдау шараларының күшейтілгенін атап өтті. Сон-



дай-ақ қазіргі таңда жаңа ізденістер мен жаңалықтар жасап жүрген ғалым әйелдер саны жыл сайын өсіп

келе жатқанын қуанышпен жеткізді.

«Бүгінде елімізде ғылыммен айналысып жүрген ғалым-әйелдер саны 11 982 адамды құрап, 55,6 пайызға жетті. Бұл Қазақстанды ғылымдағы әйелдер үлесі бойынша әлемдік деңгейде көшбасшы мемлекеттердің қатарына қосады. Осы орайда, Қазақстан әйелдер саны ерлер санынан асатын және ғылымдағы арулар саны бойынша әлемдік рейтингте көшбасшы елдердің бірі екенін айта кету қажет», – деді ведомство басшысы.

Ғылым және жоғары білім министрі Халықаралық әйелдер күні қарсаңында жас ғалым әйелдерге берілген баспана ғылымның дамуына және оның қоғамдағы рөлін арттыруға зор ықпал ететінін атап өтті.

Света ӘБІЛҒАЗЫҚЫЗЫ

IT саласындағы арулар

Әйелдер ерте заманнан бері ғылым саласында ойып тұрып орын алып, айрықша зерттеулермен көзге түсіп жүр. Олардың арасында үлкен жетістіктерге жеткендері де баршылық. Нәзік жандылар денсаулық сақтау, химия, физика, математика, инжиниринг, философия және т.б. ғылым салаларында еңбектеніп келеді. Одан ақпараттық технологиялар саласы да қалыс қалмады. Заман талабына сай IT саласы дамыған сайын, мұндағы нәзік жандылар өз зерттеулерімен зор еңбек сіңіруде.

1985 жылы Қазақ елінің белді қайраткері, академик Ө.Жолдасбековтің бастамасымен ашылған, биыл 40 жылдық мерейтойын өткізгелі отырған шетелдік азаматтарға арналған дайындық факультетінің де университеттің халықаралық байланысын жетілдіруге, халықаралық білім беру кеңістігіне енуге қосқан толағай үлесі бар. Дайындық факультеті негізінде 2011 жылы жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультеті болып, құрамы шетелдік азаматтарға қазақ және орыс тілдерін шет тілі ретінде оқытатын Шетелдіктердің тілдік және жалпы білім беру дайындығы кафедрасы және шетелдерден келген, ұлты қазақ жастарға мемлекет қаржысы арқылы тегін оқуға дайындайтын ЖОО-ға дейінгі дайындық кафедрасы, колледж, бейінді мектеппен толықты.

Қырық жылдық мерейлі белес

Заманымыздың заңғар жазушысы М.Әуезов «Адам мен адамды, ел мен елді теңестіретін нәрсе – білім» деген екен. Әлемнің әр түкпірінен келген жүздері басқа, жүректері білім мен өнерге құштар, тілі басқа болғанымен, тілегі тоғысқан Қытай, Корея, Ауғанстан, Германия, Испания, Италия, Швеция, Венгрия, АҚШ, Швейцария, Дания, Испания, Жапония, Вьетнам және басқа да шетелдерден келген талапкерлер қазақ және орыс тілдерін үйреніп, білімін шыңдап, ғылыммен айналысып, жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультетінде бір отбасының баласындай тату-тәтті білім алып жатыр.



дері мамандарының құрамы жұмыс істейді.

Бұл кафедраның оқытушылары әлемнің әр елінен келген өзге ұлт өкілдеріне қазақ және орыс тілдерін меңгертіп, қазақ халқының салт-дәстүрін, ата тарихын үйретуде. Оқыту жүйесіндегі түрлі инновациялық дамудың әдіс-тәсілдерін қолданып, тіл меңгертіп жатқан оқытушылардың еңбегі айрықша.

Кафедра құрылғаннан бастап ұстаздар әрдайым шығармашылық ізденіс, кәсіби қызығушылыққа ынтылау. Орыс тілі шет тілі ретінде және қазақ тілі шет тілі ретінде оқыту теориясы бойынша теориялық және практикалық лингвистика дамыды. Оны 1985 жылдан бастап (кафедра осы жылы

құрылған), қазіргі уақытқа дейін қазақстандық лингвистикадағы қолданбалы бағыттың даму кезеңі деп атауға болады.

Тілдерді шет тілдері ретінде оқытуға негізделетін функционалды-коммуникативтік бағыт, тілдерді оқытудағы теория мен практика атты екі бастаудың тығыз бірлігін көрсетеді. Қазір кафедрада өзге тілді меңгеру мәселелерін зерттеу бойынша теориялық қағидалары шетелдік студенттермен дәрісханалық жұмыс жасау барысында толығымен қолданыс тапқан өзіндік ғылыми-әдістемелік мектеп пайда болғанын сенімділікпен айтуға болады.

Кафедра оқытушыларының шетелдіктерге тілді оқы-

ту әдістемесі бойынша бай материал және үлкен жұмыс тәжірибесі жиналды. Мұның бәрі оқытушыларға өз оқулықтарын және оқу құралдарын құрастыруда, бірегей әдістемелерін жетілдіруде көмектеседі. Ғылыми зерттеулердің нәтижесінде жасалған, сонымен қатар түрлі елдердің ғалымдарының зерттелген және қайта өңделген жаңалықтары, яғни оқытудың жаңа технологияларының әдістемесі соңғы 15 жыл көлемінде оқу үдерісіне енгізілді.

Кафедрада шетелдіктерге арналған қазақ және орыс тілдерінен, Қазақстан тарихынан, қазақ және орыс әдебиетінен сабақ беруге бағытталған 80-ге жуық оқулық және оқу құралдары, 18 сөздік басылып шықты. Кафедра оқытушылары дайындаған оқулықтар және оқу құралдары, сөздіктер, әдістемелік нұсқаулар Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың сабақтарында ғана емес, сонымен қатар шетелдіктер оқитын басқа да жоғары оқу орындарында қолданылады.

Кафедра ғалымдары зерттеу жұмыстарының нәтижесімен Бельгия, Испания, Ұлыбритания, АҚШ, Польша, Грекия, Словакия, Үндістан, Қытай, Түркия және Таяу Шығыс елдерінде өткен халықаралық конференцияларға және симпозиумдарға, семинарлар мен дөңгелек үстелдерге қатысып отырады.

Кафедра қазіргі уақытта үлкен тіл үйрету бәйтерегіне айналып, тамырын тереңге жайды. Доцент Б.Айтпаева бастаған кейінгі толқын аға ұрпақтың еңбек жолын қастерлеп, олар бастаған игі дәстүрлерді ілгері дамыту жолында, ғылым мен әдістемені ұштастыра отырып жасампаздықпен еңбек етуді жалғастыруда.

Райхан ДҮЙСЕНБАЕВА, Гүлназ МАШИНБАЕВА, Шетелдіктердің тілдік және жалпы білім беру дайындығы кафедрасының аға оқытушылары

ҚазҰУ-дың Ақпараттық жүйелер кафедрасында да ғылым жолында өз ізін қалдырған және білім беру саласының ауыр жүнін көтеріп жүрген қаншама қыз-келіншектер бар. Олар ғылыми-техникалық жобалармен айналысып, алынған зерттеу нәтижелерін еліміздің дамуына арнап, жас ұрпаққа барынша сапалы білім береміз деп тер төгіп келеді.

Атап айтатын болсақ, экономика ғылымының докторы, доцент Қарлығаш Байшоланова Ғылым және білім берудің еңбек сіңірген қайраткері болса, PhD, доцент Диана Рахимова «ҚР заңнамасы саласында мемлекеттік тілге арналған семантикалық әдістер негізінде интеллектуалды сұрақ-жауап жүйесін зерттеу және әзірлеу», PhD Айдана Кәрібаева «Түркі тілдерінің параллель мәтіндер корпусын автоматты түрде генерациялауды зерттеу және оларды нейрондық модельдерде пайдалану», PhD Кәмшат Түсіпова «Өндірістік кәсіпорындар үшін ресурстарды оңтайлы бөлу және олардың даму динамикасын болжауға арналған интеллектуалды ақпараттық жүйені әзірлеу» атты ғылыми-техникалық жобаларға жетекшілік етіп, жақсы нәтижелер көрсетіп келеді. Техника ғылымының кандидаты Лейла Көпбосын ғылым мен бесікті қатар алып жүрген көпбалалы ана болса, PhD, доцент қызметін атқарып жүрген Әсем Шормақова мен Гүлбану Мырзахмедова ғылым мен білім беру саласына өз үлестерін қосып жатыр. Аталған нәзік жанды ұстаздар IT саласында жүрген көп әйелдің санаулысы ғана. Болашақта әйел ғалымдардың саны артып, ғылыми еңбектері бағаланып, қоғамдағы рөлі арта түседі деген сенімдемін.

Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев: «Қазақстандағы ұстаздардың басым көпшілігі – әйелдер. Сіздер жас ұрпақты отаншылдыққа, білімпаздыққа, еңбекқорлыққа баулып жүрсіздер. Ұлт саулығын жақсартуға зор еңбек сіңіріп келесіздер. Қазақстанның көркеюіне елеулі үлес қосып жүрген осындай жандар зор құрметке лайық. Бұл керемет үрдіс», – деп, әйел адамның ғылым мен білім саласындағы рөлін ерекше атап өтті. Университетіміз де ғалым аруларды әрқашан қолдап, барынша жағдай жасап, олардың маңдай тері мен жас ұрпақты тәрбиелеудегі еңбегін ескеріп келеді.

Әйгерім МАРАТҚЫЗЫ, Ақпараттық жүйелер кафедрасының оқытушысы

География және табиғатты пайдалану факультеті жанынан ашылған тағы бір инновациялық жоба – Тұрақты туризм зертханасы. Өткен жылы құрылған зертхананың жобалары отандық туризмді жетілдірудің инновациялық әдістерін ғылыми тұрғыда зерттеп, жергілікті жерде өркендеуіне зор ықпал етеді.

Зертхана жетекшісі, техникалық ғылымдар кандидаты, ҚР еңбек сіңірген туризм нұсқаушысы Александр Артемьевтің айтуынша, бұл зертхана профессор С.Ердаулетов (кафедраның негізін қалаушы) құрған еліміздегі жалғыз ғылыми туризм географиясы мектебінің дәстүрін жалғастыруда.

Тұрақты туризм зертханасының мақсаты – өңірдің әлеуметтік-экономикалық даму контекстінде туризмнің синергетикалық әсері арқылы аймақтардың тұрақты даму трендін іске асыру. Осыған орай, зертхана мынадай тапсырмаларды орындайды.

1. Туристік саланың қоршаған ортаға, әлеуметтік-мәдени аспектілерге және экономикалық дамуға ықпалын ескере отырып, оның ағымдағы жай-күйін бағалау бойынша кешенді зерттеулер жүргізу. Туризмнің тұрақты дамуы үшін негізгі проблемалар мен сын-қатерлерді анықтау.

2. Туристік дестинациялардың тұрақтылығын бағалауға инновациялық әдістемелер мен құралдарды әзірлеу. Туристік қызметтің түрлі салаларына тұрақты туризм қағидаттарын енгізу бойынша ұсыным дайындау.

3. Туристік сала, академиялық орта және туристік қоғамдастық өкілдеріне арнап оқыту бағдарламаларын әзірлеу, семинар-тренингтер өткізу. Жалпы жарияланым, вебинар және басқа да білім беру форматтары арқылы тұрақты туризм туралы білімді қолдап тарату.

4. Экологиялық және әлеуметтік-мәдени жауапкершілікке, сондай-ақ жергілікті қоғамдастықтарды қолдауға баса назар аудару отырып, пилоттық тұрақты туристік жобаларды дайындау және іске асыру. Түрлі географиялық контекстердегі табысты тәжірибелердің тиімділігі мен қайталануын бағалау.

5. Туристік бизнес өкілдері, мемлекеттік органдар, білім беру, ғылыми-зерттеу мекемелері және қоғамдық ұйымдармен әріптестік қатынастарды орнатып дамыту. Тұрақты туризм бойынша халықаралық зерттеу орталықтарымен белсенді өзара іс-қимыл.

6. Тұрақты туристік кәсіпорындар мен жобалар үшін стандарттар мен сертификаттау рәсімдерін әзірлеп, оны нарықта ілгерілетуге қатысу. Туристік нарыққа қатысушылардың тұрақтылық қағидаттарын енгізіп сақтауын ынталандыру.

7. Туристік бастамалардың тұрақтылығын мониторингилеу және бағалау жүйесін енгізу. Тұрақты туризм саласындағы тәжірибелер мен стратегия-



Тұрақты туризм зертханасы

Отандық туризмді дамытуға ықпал етеді

ЗЕРТХАНА ЖӘНЕ ТДМ

Тұрақты туризмнің барлық жаһандық критерийлері БҰҰ-ның тұрақты даму мақсаттарына сай және соған сәйкес қолданылады:

- тұрақтылықты сертификаттаудың негізі ретінде;
- тұрақтылыққа ұмтылатын туристік бағыттар үшін негізгі нұсқаулар ретінде;
- тұтынушыларға табысты тұрақты туристік дестинацияларды анықтауға көмектесу үшін;
- дестинацияларды орнықты деп тану және бұл туралы жұртшылықты хабардар ету үшін БАҚ бағдарлары ретінде;
- тұрақты туризмді дамытуға қойылатын талаптарды әзірлеу үшін бастапқы нүкте ретінде мемлекеттік және мемлекеттік емес бағдарламаларды, сондай-ақ жеке сектор бағдарламаларын әзірлеу кезінде;
- туризм және қонақжайлылық саласындағы кәсіптік даярлау жөніндегі білім беру мекемелері мен ұйымдары үшін базалық басшылық қағидаттар ретінде;
- әрекет етуге шабыт беретін көшбасшылық қарым-қабілетті көрсету.

на бағалау жүргізіледі. Сондай-ақ туристік қызметтің түрлі салаларына орнықты туризм қағидаттарын енгізу бойынша ғылыми ұсынымдар әзірленбекші. Нәтижесінде экономикалық тиімділікке туристік кәсіпорындардың бәсекеге қабілеттілігін арттыруға және салаға инвестициялар тартуға ықпал ететін тұрақты

туризмге инновациялық әдістемелер мен тәсілдерді енгізу есебінен қол жеткізілмекші. Мамандардың айтуынша, қазіргі заманғы «жасыл» инфрақұрылымды қалыптастыру жөніндегі практикалық шешімдер туристік белсенділіктің өркендеуіне және табысты ұлғаюын қолдауға қабілетті. Осы орайда, зертхана қолдайтын тұрақ-

ты туристік жобаларды іске асыру шағын және орта бизнесті дамытуға, жаңа жұмыс орындарын ашуға, сонымен бірге тауар мен қызметтерді тұтыну көлемін ұлғайту арқылы жергілікті экономиканы ынталандыруға ықпал етуі мүмкін.

Экологиялық тиімділік туризмнің экожүйеге теріс әсерін азайтуға бағытталған табиғи ресурстарды тұрақты пайдалану әдістерін әзірлеу арқылы табиғи ресурстарды сақтау мүмкіндігін кең ауқымдандырады. Экологиялық білім беру және ағарту саласындағы зертхана жобалары туристер арасында экологиялық мәдениетті қалыптастыруға ықпал етеді. Ал бұл мәселе табиғи ортаны сақтау үшін өте маңызды екенін білеміз. Инновациялық тәжірибелер мен технологияларды енгізу парниктік газ шығарындысын азайтуға және климаттың тұрақтылығын сақтау арқылы туризмнің көміртегі ізін азайтуға көмек береді.

Әлеуметтік тиімділік жергілікті қауымдастықты қолдауда көрінеді. Тұрақты туризм жөніндегі жобалар жергілікті халықты туристік қызметке тартуға және мәдени мұраны сақтауға жәрдем береді. Жергілікті тұрғындардың білімі мен дағдыларын дамытуға бағытталған білім беру және мәдени бағдарламалар өмір сүру сапасына оң әсер етеді. Бұл ретте тұрақты туризмді дамыту жұмыссыздықты азайтып, халықтың әл-ауқатын арттыруға аса маңызды жаңа жұмыс орындарын құруға ықпал етеді.

Практикалық құрал және зерттеу нәтижесі ретінде деректер базасы, бағалау карталары жасалады. Туристік-рекреациялық жүктеме есептеулері орындалып, маршруттық туристік желі бейімделеді. Есептік әдістемелер жетілдіріледі, бизнес өкілдері мен жергілікті қоғамдастық, оның ішінде гидтерге арналған оқыту бағдарламалары әзірленеді. Атап айтқанда, ағартушылық іс-шаралар ұйымдастырылып, мониторингтік бағдарламалар пысықталады.

Үкілетті органдар зерттеу жұмыстарының нәтижесін жоспарлап басқару мақсатында, ал туристік кәсіпорындар мен ұйымдар-бизнесті жүргізу процесінде жобалау аумақтарын дамытудың орнықтылығын қамтамасыз ету үшін ЕҚТА (ерекше қорғалатын табиғи аймақтар) – туристік маршруттар мен экологиялық соқпақтарға рекреациялық жүктемені бағалауға, білім беру мекемелері – кадрларды даярлау және қайта даярлауға, ғылыми ұйымдар – өңірлік тұрақты дамудың ғылыми негізін қалыптастыруға пайдалана алады.

Жоба жетекшісінің айтуынша, алғашқы алты айда зерттеулердің әдіснамалық базасы дайындалып, жергілікті жерлерде ситуациялық талдау жүргізілген. Туризм дамуының орнықтылығын бағалаудың негізгі индикаторлары айқындалды. Батыс Қазақстан өңірі бойынша туризмнің өңірлік дамуының авторлық модельдері әзірленді ері тиісті авторлық куәлік алынған. Scopus базасына кіретін рейтингтік журналға мақала дайындалды. Енді далалық зерттеулерге дайындық жүргізілуде.

Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ



ҮЗДІК ОҚЫТУШЫҒА БЕС САУАЛ

1. Сіздіңше, ЖОО-ның «Үздік оқытушысы» қандай болуы керек, қандай талаптарға (педагогикалық, психологиялық және т.б.) жауап беруге тиіс?
2. Пәніңіз бойынша оқу бағдарламасы көңіліңізден шыға ма, сіздің ойыңызша, оны жетілдіру үшін не істеуге болады?
3. Білікті маман даярлауда қандай жетістіктеріміз бар?
4. Жастардың білім деңгейі көңіліңізден шыға ма?
5. «Қоғам сауатсызданып барады» деген көзқараспен келісесіз бе?



Салтанат БӨЛЕГЕНОВА,

Жылуфизика және техникалық физика кафедрасының меңгерушісі, физика-математика ғылымдарының докторы, профессор:

Білім деңгейі жаңа мүмкіндіктермен бірге дамуда

1. ЖОО-ның «Үздік оқытушысы» болу үшін бірнеше маңызды талаптарға жауап беру қажет. Ол талаптарды педагогикалық, психологиялық және кәсіби тұрғыдан қарастыруға болады.

Педагогикалық талаптар. Оқытушы өз пәнін терең меңгеруі, теориялық және практикалық білімді жеткізу үшін жаңашыл тәсілдерді қолдана білуі тиіс. Оқытушы студенттерді тек біліммен қамтамасыз етпей, олардың ойлау қабілетін дамытуға бағытталған тәсілдерді қолдануы керек. Әр студенттің деңгейіне қарай оқыту тәсілдерін жеке бейімдей алу да маңызды. Оқытушы өз сабақтарын қызықты және шығармашылық тұрғыда өткізуді қамтамасыз етуі тиіс. Студенттердің қызығушылығын арттыру мақсатында түрлі интерактивті әдістерді қолдануы қажет. Оқытушы әр студентке қолдау көрсетіп, олардың сұрақтарына жауап беріп, сабақты жақсы меңгеруіне көмектескені абзал.

Психологиялық талаптар. Оқытушы студенттердің психологиялық жағдайын түсініп, олардың түрлі мәселелеріне сезімтал болғаны жөн. Қиындықтармен кездескен кезде қолдау көрсету маңызды. Оқытушы әр студентпен сабырлы және әділ түрде қарым-қатынас жасап, әрбір студенттің мүмкіндігін ескеруі тиіс. Оқытушы студенттерді өз білімдерін арттыруға және болашақта жақсы нәтижелерге жетуге ын-таландыра алуы керек. Студенттерді мақсат қоюға және оларды орындауға бағыттау да маңызды.

Кәсіби талаптар. ЖОО оқытушысы жаңа технологияларды, әдістемелерді қабылдай білуі керек. Ғылыми жаңалықтарды және заманауи трендтерді өз жұмысында қолдана отырып, білім беру процесін үнемі жетілдіріп отырғаны дұрыс. Үздік оқытушы тек сабақ берумен шектеліп қалмай, ғылыми зерттеулермен айналысып, өзінің білімі мен тәжірибесін ғылыми жұмыстарда қолдануы тиіс.

КЕЛІСЕТІН ТҰСТАРЫМ:

1. Қазіргі қоғамда ақпараттың көптігі мен оның сенімділігі туралы мәселелер көбейіп отыр. Көптеген адамдар интернет арқылы алынған ақпаратты дұрыс бағаламайды немесе тексермейді. Бұл әлеуметтік желілерде жалған ақпараттың таралуына әкеп соғады. Нәтижесінде қоғамның ақпараттық сауаттылығы төмендеуі мүмкін.

2. Қазіргі жастар арасында кітап оқудың азайғаны туралы жиі айтылады. Көптеген адамдар ақпаратты көбіне визуалды контенттерден немесе қысқа жазбалардан алады. Бұл терең ойлау мен ақпаратты сыни тұрғыдан талдауды қиындатады.

2. Оқу бағдарламасы, әрине, жақсы құрылып, белгілі бір пәннің негіздерін студенттерге жеткізуге тиіс. Бірақ оны жетілдіру үшін бірнеше аспектілерді ескеру қажет деп ойлаймын.

КЕЛІСПЕЙТІН ТҰСТАРЫМ:

1. Қазіргі қоғамда ғылым мен технологияның дамуы, онлайн білім беру мүмкіндіктері, халықаралық білім алмасу жастарға әлемдік деңгейде білім алуына мүмкіндік береді. Бұл да қоғамның білім деңгейінің артуына оң әсерін тигізеді. Мысалы, көптеген жастар онлайн курстар мен платформалар арқылы жаңа дағдыларды меңгеріп жатыр.

2. Қоғамда шығармашылық бағыттар мен жаңа идеялар көбейіп жатыр. Жастар түрлі стартаптар, ғылыми жобалар және өнер туындылары арқылы өздерінің интеллектуалдық әлеуетін іске асыруда. Бұл қоғамның мәдени сауаттылығын арттырып, жалпы білім деңгейін көтеруге ықпал етеді.

3. Қазіргі жастардың көбісі ақпараттық технологияларды жақсы меңгерген. Олар интернетті, бағдарламалау тілдерін, цифрлық құралдарды қолдана отырып, өз білімін кеңейтуде және жаңа мамандықтар игеруде. Бұл қоғамның сауаттылық деңгейінің жоғарылауына ықпал етеді. Қоғамның сауаттылығының төмендеуі немесе артуы – ол тек жеке адамдардың ғана емес, білім беру жүйесінің, медиа және технологиялардың дамуына байланысты күрделі процесс. Білім мен дағдыларды меңгерудің жаңа тәсілдері мен әдістерін енгізу, сыни ойлау қабілетін арттыру арқылы қоғамның сауаттылығын жоғары деңгейде ұстап тұруға болады. Сол себепті «қоғам сауатсызданып барады» деген көзқарас белгілі бір жағдайларда дұрыс болуы мүмкін. Бірақ, жалпы алғанда, қоғамның білім деңгейі жаңа мүмкіндіктермен бірге дамып жатыр деп айтуға болады.

тық жұмыстар, тәжірибелік сабақтар, лабораториялық жұмыстар мен жобалар ұйымдастырылуы қажет. Бұл студенттердің тек теориялық білімін ғана емес, сонымен бірге практикалық дағдыларын да дамытуға мүмкіндік береді.

3. Білікті маман даярлауда Қазақстанда бірнеше маңызды жетістіктер бар. Олар білім беру жүйесінің сапасын жақсартуға және студенттердің кәсіби дағдыларын арттыруға бағытталған. Олардың кейбірін атап өтейін.

Қазақстан жоғары білім жүйесінде халықаралық аккредиттеу процесін белсенді түрде енгізуде. Бұл өз кезегінде білім беру сапасын арттыруға және еліміздегі университеттердің әлемдік деңгейдегі білім стандарттарына сай болуына мүмкіндік береді.

Оқу бағдарламалары мен курстар жаңартылып, заман талабына сай құрылуда. Бұл жаңалықтар ғылыми зерттеулер мен инновациялық технологияларды енгізуді қамтиды. Бұл болашақ мамандардың қажетті дағдылар мен білімдерді алуға мүмкіндік береді.

Арнайы оқу жоспарлары мен курстарды даярлау арқылы жұмыс берушілермен тығыз байланыс орнатылып, нарық талаптарына сай білікті мамандар даярлау процесі жетілдірілді.

Ғылыми-зерттеу жұмыстарына студенттер мен оқытушыларды белсенді түрде тарту арқылы инновациялық жобаларды жүзеге асыруға мүмкіндік беріледі. Бұл білікті маман даярлауда үлкен рөл атқарады, себебі ғылыми жұмыстарды зерттеу студенттердің сыни ойлау және проблемаларды шешу дағдыларын жетілдіреді.

ЖОО-да ғылыми орталықтар мен зертханалар ашылып, студенттер мен оқытушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстары мен патенттеулерінің нәтижелері жоғары бағаланады.

4. Жастардың білім деңгейі, жалпы алғанда, көп жағынан оң өзгерістерді көрсетіп отыр, бірақ кейбір мәселелер де бар. Қазіргі жастар ақпараттық технологияларды жақсы меңгерген. Олар интернетті, түрлі бағдарламалар мен қосымшаларды тиімді пайдалана отырып, өз білімдерін жан-жақты толықтыра алады. Бұл, әсіресе, қазіргі заманның талаптарына сай келетін мамандықтар мен салаларда үлкен артықшылық береді. Жастар арасында шетелде білім алу мүмкіндіктері артты әрі студенттердің халықаралық бағдарламаларға қатысуы да көбейді. Бұл олардың көзқарастарын кеңейтіп, түрлі мәдениеттер мен білім беру жүйелерімен танысуына мүмкіндік береді. Қазіргі жастар өте шығармашыл, инновациялық идеялар мен жобаларға қызығушылық танытады. Бұл жаңа бизнес ашуға, ғылыми зерттеулер жүргізуге, немесе әлеуметтік жобаларға қатысуға мүмкіндік береді.

5. «Қоғам сауатсызданып барады» деген көзқарасқа қатысты менің пікірім екіжақты. Әрине, бұл мәселенің бірқатар аспектілері бар, сондықтан оны тереңірек талдау қажет.

БІЗДІҢ ТҮЛЕК

Мен 1988 жылы мектепті бітіргеннен кейін үш жыл қатарынан ҚазМУ-дың шығыстану факультетіне оқуға тапсырып, емтихандардың бәрінен жақсы баға алып, конкурстан өтпей қалып жүрдім. Осы уақытта ауылда құрылысшы болып жұмыс істедім. 1991 жылы тағы бір рет талпынып, төртінші жыл дегенде шығыстану факультетінің парсы филологиясы бөліміне студент болып қабылдандым.

Ұстаздарымыздың қамқорлығын сезіндік



оқу орны. Әскери шенім – полковник. 2011-13 жылдары, 20 жылдан соң, ҚазҰУ-дың философия және саясаттану факультеті Дінтану кафедрасында магистратурада оқыдым. Қазіргі таңда ҚР армиясында 800-ге жуық офицер қызкеліншектер қызмет атқарады. Олардың арасында 20 әйел «полковник» әскери шеніне жеткен.

Студенттік шақ жаңалықтар пен қызықты оқиғаларға толы ең керемет уақыт қой. Академик Әбсаттар Дербісәлінің шығыстану факультетін басқарған кезі әлі есімде. Бір күні декан бүкіл студенттерді жинап, «Үрімші университетіне қытай тілінен бір студентке тағылым-дамадан өтуге жолдама бар. Кім барады?» деп сұрады. Қытай тілі бөлімінің студенттері «сен тұра тұр, мен барамын» деп таласып жатыр. Сонда Әбсаттар ағай: «Даурығатын ештеңе жоқ, балалар! Үрімшіге барып қытайша үйрену Қызылордаға

барып орысша үйренгенмен тең. Үлгерімі жоғары студент барады», – деп бәрімізді бір күлдірген.

Кейін атақты ирантанушы профессор Лениншіл Рүстемов, ардагер ұстаз, профессор Абдуғали Чупеков сынды мықты ғалымдар факультет деканы болған кезеңдерде студенттерге шығармашылық бір бос күн берді. Студенттердің қосымша табыс табуына мүмкіндік жасап, сабақ кестесін сағат 13:15-тен бастап қоюшы еді. Біз сол қамқорлықты сезініп, сабақтан қалмауға, сенімді ақтауға тырысатынбыз. Профессор Лениншіл Рүстемов 1-курста негізгі парсы тілі пәнінен сабақ берді. Ұлағатты ұстаздан сапалы біліммен қатар, өз ісін шексіз сүюді, табандылық танытуды, әділ болуды, қамқор болуды, өзін ұстау мәдениетін қоса үйрендік.

Дінтану кафедрасының ұжымына, әсіресе, философия ғылымының докторы, профессор Нағима Байтеноваға, магистрлік диссертацияның жетекшісі болған Дінтану кафедрасының меңгерушісі, философия ғылымының докторы, профессор Айнұр Құрманалиеваға, марқұм, философия ғылымының докторы Шамшия Рысбековаға және т.б. ұстаздарға алғысым шексіз.

Менің педагог тұлға ретінде қалыптасуыма, алған білім мен тәрбиені ұштастыра білуіме сүйікті альмаматерім – ҚазҰУ-дың ықпалы мол болды. Сол үшін қара шаңырақ оқу орнына ризашылығымды білдіремін.

Айна МАХАМБЕТОВА,

ҚР Қорғаныс министрлігі Ұлттық қорғаныс университеті Тілдер кафедрасының доценті, полковник

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Астанада өткен жастар форумында: «Қазақстанның жастары – жасампаз. Еліміздің келешегі ойы ұшқыр, білімі терең, көзқарасы заманауи жастардың қолында. Біз жұрттан көш ілгері жүретін ел боламыз. Үйренетін де, үйрететін де ұлт боламыз. Жастар барлық өзгерістің бастауында тұрады. Дарынды азаматтардың арқасында бүкіл әлем жұртшылығы Қазақстанды талантты әрі еңбекқор адамдардың елі деп танытын болды. Мемлекет креативті индустрияның дамуына барынша ықпал етеді», – деп айрықша атап өтті.

Тәрбиелі студент — қоғам болашағы



мыз – қазақстандық патриотизм және азаматтық дара тұлға қалыптастыру, құқықтық тәрбие, ұлттық құндылықтарды дәріптеу және қорғау. Сондай-ақ студенттерге психологиялық көмек көрсету, салауатты өмір салтын қалыптастыру, студенттердің діни сауаттылығын арттыру, діни экстремизмнің алдын алу, ұлтаралық келісімге тәрбиелеу және т.б. бүгінгі қоғам үшін өзекті мәселелерді қарастырамыз.

Жыл сайын қалашық мамандары мен студенттер үйлерінде тұратын студенттердің ұйымдастыруымен «Толағай» спорттық жарыстары, оның ішінде қол күрестіру, арқан тарту, кір тастарын көтеру, волейбол, футбол, шахматтан жарыстар өтеді. Рамазан айында «Жақсылық жаса» акциясын, «Екі жұлдыз» ән-би байқауы, Көрісу күні, Өз Наурызды тойлау т.б. көптеген іс-шаралардың бәрі студенттердің бос уақытын тиімді пайдаланып, болашақта қо-

ғамда өз орнын таба білетін тұлғаға айналдыру мұратын көздейді.

Жоғарыда атап өткендей, студенттерге берілетін тәрбие жұмысының бірі – құқықтық тәрбие. Университетімізде әр факультеттен, белсенді студенттер құралған құқықтық тәртіп сақтау жасағы ұйымы бар. Осы ұйым мүшелері студенттер үйіндегі тәртіп бұзушылықтың алдын алуға және болдырмау үшін қалашық мамандарымен бірлесе жұмыс атқарады.

Университетіміздің табалдырығын алғаш аттаған студент үшін студенттер үйі белгісіз орта. Сондықтан сол ортаға бейімдеу, жақсы білім алуына жағдай жасау, адам бойына тазалық пен тәртіпті қалыптастыру, қоғамда өз орнын табуға көмектесу біздің жұмысымыздың алғы шарттарының бірі болып қала бермек.

Берік ҚУАНЫШБАЙҰЛЫ,
Студенттер қалашығы әкімшілігінің бас маманы

Қазіргі таңда білім беру жүйесі мен сапасы әлемдік даму үрдістерінде маңызды орын алады. Осы орайда, QS (Quacquarelli Symonds) рейтингі әлемдік білім беру мен әлеуметтік-экономикалық және экологиялық жағдайларға әсер ететін факторлар ретінде қарастырылады.

Білім беру жүйесінде

QS рейтингінің маңызы



QS рейтингінің басты мақсаты – жоғары білім беру саласындағы үздік университеттерді анықтау және олардың дүниежүзілік білім беру жүйесіндегі орнын көрсету. Сондай-ақ QS рейтингі әлемдегі ең беделді университеттерді бағалау жүйесі болғандықтан, университеттердің сапасын түрлі критерийлер бойынша анықтайды. Әсіресе академиялық бедел, жұмыс берушілердің пікірі, оқытушылар мен студенттер саны арасындағы қатынас, халықаралық студенттер мен оқытушылардың үлесі, зерттеу жұмыстарының сапасы мен басқа да көрсеткіштер екенін білеміз. QS рейтингі халықаралық бәсекеге қабілеттілігін арттыруға, студенттердің білім алу мүмкіндіктерін кеңейтуге әрі ғылыми зерттеулердің сапасын жақсартуға бағытталған. Білім беру саясатын қалыптастыруда аталған рейтинг маңызды рөл атқарады. Өйткені ол оқу орнының дамуына зор ықпал етеді.

Жалпы, QS рейтингі білім беру жүйесінің сапасын арттыру және ғаламдық тұрақтылықты қамтамасыз етуде үлкен маңызға ие. Университеттер мен жоғары оқу орындары тұрақты даму мақсаттарын іске асыру жолында көшбасшы болып қана қоймай, өздерінің білім беру бағдарламаларын жаңартып, әлеуметтік жауапкершілікті арттырады. Басты мәселелер мен теңсіздіктерге қарсы күресуде белсенді жұмыс істейді. QS рейтингінің әлеуметтік теңдік мәселесіндегі басты критерийлерін атау қажет болса, алдымен университеттердің халықаралық студенттер-

ге мүмкіндік беруін айтар едік. Бұл көптеген елдерден студенттердің келуіне және білім алуына жағдай жасайды. Осылайша университеттер тұрақты даму мақсаттарының теңдік және инклюзивтілік мақсаттарына қол жеткізуге үлес қоса алады. Ал экологиялық тұрақтылықты қамтамасыз ету бойынша QS рейтингінде университеттердің экологиялық жауапкершілігі мен тұрақты даму принциптері де ескеріледі. Бұл университеттердің экологияны сақтауға және экологиялық таза технологияларды енгізуге ынталы екенін аңғартады. Жергілікті қоғамға қызмет көрсету аясында білім беру мен әлеуметтік қызмет көрсету саласының ықпалын атап өтуге болады. Университеттер жергілікті қоғамдастықтармен ынтымақтасып, олар үшін білім мен даму мүмкіндіктерін ұсынуға міндетті деп білеміз.

Қорыта келе, QS рейтингі әлемдік білім беру мен әлеуметтік даму үшін маңызды құрал болып табылатыны анық. Университеттер өз кезегінде тұрақты даму мақсаттарын жүзеге асыру үшін білім беру сапасын арттырып, әлеуметтік жауапкершілік пен экологиялық тұрақтылықты қамтитын бастамаларға қолдау көрсетуі керек. Бұл білім беру жүйесінің тек ұлттық тұрғыда ғана емес, әлемдік деңгейде дамуына оң ықпал етеді.

Гүлзат ЗИЯТБЕКОВА,
ақпараттық технологиялар факультеті доцентінің м.а., PhD

Зухра ӘБДИАХМЕТОВА,
қауымдастырылған профессор, PhD

Главные герои повести

В этом году исполняется 80-лет Великой Победе в Великой Отечественной войне. Во многих произведениях Чингиза Айтматова, прослеживается тема войны, например: «Ранние журавли», «Материнское поле», «Прощай, Гульсары» и др.

«Материнское поле»



С.М.Кирова, она успешно защитила кандидатскую диссертацию в конце 1973 года, потом и докторскую диссертацию. Защита докторской диссертации прошла в Московском химико-технологическом институте имени Д. Менделеева, по нефтегазохимической промышленности, сейчас она

— сказал я. А он ответил, что видел мои работы, что будет рядом, что я справлюсь. И он был прав. Я справился.

Роль Толгонай, в картине сыграла Бакен Кыдыкеева – советская, киргизская актриса театра и кино, Народная артистка СССР. Деревенская женщина Толгонай потеряла на войне: мужа – Суванкула, старшего сына – Касыма, среднего сына – Маселбека, младшего сына – Джайнака. Писатель создал образ Толгонай, сильной духом женщины, показал муки и страдания киргизского народа в годы Великой Отечественной войны. В творческой биографии актрисы более ста театральных и киноролей.

Роль молодой невестки Алимана, талантливо сыграла студентка химического факультета КазГУ им. С.М.Кирова, Раушан Гайсиевна Сармурзина. Это единственная её роль в кино. Раушан Гайсиевна – Человек науки. Закончив химический факультет КазГУ им.

доктор химических наук, профессор Казахской национальной академии естественных наук, Председатель совета Нефтегазохимической ассоциации, Почетный академик НАН РК.

Раушан Гайсиевна является автором 360 научных трудов, включая 5 монографий, награждена высокими медалями и наградами в области науки: – Золотая медаль КазНАЕН имени Первого Президента Республики Казахстан Назарбаева Н.А.

– Юбилейная медаль к 25-летию Независимости Казахстана и 30-летию РК.

– Юбилейная медаль в честь 125-летия казахстанской нефти от Ассоциации «KAZENERGY» и др.

Победитель в Номинации «Признание за вклад в развитие отрасли 2023г.» Международной Ассоциации «GLOBUS».

Жанар МУСУЛЬМАНОВА,
библиотекарь-менеджер
Библиотека Фараби

Как известно в 2024 году Казахстан находится на 76-м месте из 146 стран в Глобальном индексе гендерного разрыва. Многие предпринимаются правительством, органами гражданского общества Нового Казахстана в решении данной проблемы. Так, ООН открыл много Центров развития женского предпринимательства, которые помогли тысячам женщин начать и развивать бизнес, используя цифровые инструменты и электронную коммерцию.

Обеспечение гендерного равенства в РК

Вносятся изменения в законодательство, чтобы защитить женщин и детей. В сентябрьском Послании Главы государства говорится: «Мы должны построить общество, основанное на законе и порядке, знаниях и прагматизме. Залог успеха нации заключается в культуре, солидарности и социальности граждан, в особенности молодежи. В Казахстане нет и не может быть никаких притеснений по какому-либо признаку, будь то языковому, конфессиональному, этническому или социальному». Имеющиеся негативные «факты пресекаются и будут пресекаться правоохранительными органами по закону».

Несомненно, гендерное равенство заключается в том, чтобы женщины и мужчины имели одинаковые возможности, права и обязанности. Это означает, в частности, что надо этого достичь в обществе своей страны, чтобы женщины и мужчины могли иметь равные полномочия, равные возможности для получения образования, и что они должны нести равную ответственность за дом и детей. Важно отметить наличие трех важных факторов, таких как развитие общества, включая социально-экономическое, демографическое, технологическое, гендерный порядок, поведенческий фактор, которые формируют систему факторов гендерного неравенства, определяя степень и причины данного неравенства.

Высокий процент и мужчин (83,1%), и женщин (70,6%) считают, что женщины в Казахстане имеют достаточно прав и возможностей, несмотря на очевидный дефицит понимания гендерных вопросов. 72,9% мужчин считают, что у женщин либо слишком много, либо достаточно прав и возможностей в политике, в то время как среди женщин это мнение разделяют лишь 57,7%. Большинство опрошенных (53,6% женщин и 67,9% мужчин) поддерживают традиционные гендерные роли, и согласны с тем, что основной обязанностью женщины является забота о семье, и также многие высказываются против насилия в отношении женщин.

Сегодня в Казахстане происходит настоящая борьба мнений между квази-традиционалистами и либералами.

Борьба старого с новым видением о том, какой должна быть современная казахская женщина. Первые уверены в том, что предоставление женщинам еще больших прав – это веяния Запада, которые противоречат казахским традиционным ценностям. Они уверены в том, что женщина не должна работать, не говоря уже об ее участии в политике. Но самое опасное, что так называемые «традиционалисты» считают, что муж вполне может поднять руку на жену, если вдруг она посмеет ему возразить».

Казахстан добился успехов в сокращении гендерного разрыва, но впереди еще долгий путь, особенно в вопросах равной оплаты труда и представительства женщин в высшем руководстве. В настоящее время женщины являются ключевым фактором экономического роста. В Казахстане более 43 процентов малого и среднего бизнеса возглавляют женщины, что вносит значительный вклад в ВВП и занятость.

Несомненно, больше всего проблем в решении данной проблемы, а именно, в достижении гендерного равенства, имеют место все-таки в сфере образования. Необходимо возобновить преподавание в школах и колледжах по гендерному образованию. Чтение такого курса будет способствовать ликвидации гендерной безграмотности, активному формированию современного гендерного самосознания, гендерных ориентаций и идеалов, способствующих преодолению сексизма, дискриминации по признаку пола, утверждению женского видения мира в контексте глобализации.

Хочется отметить, что на юридическом факультете КазНУ, начиная с 2023 года в рамках ЦУР ООН, активно проводятся, повсеместно, имиджевые мероприятия, в том числе и по вопросам гендерного равенства. Аудиторией данных мероприятий выступают школы, лицеи, колледжи и вузы города Алматы, в которых проводятся обучающие вебинары, лидерские лекции, тренинги и др.

Нажия КАЛИШЕВА,
д.ю.н., доцент кафедры
теории и истории
государства и права,
конституционного и
административного права

В соответствии с планом военно-патриотической работы военной кафедрой НАО «Казахский национальный университет имени Аль-Фараби» в ознаменование 80-летия Великой Победы и Дня Защитника Отечества 25 апреля 2025 года проводится военно-патриотическая игра «Сарбаз» на кубок Ректора НАО «КазНУ имени аль-Фараби» среди команд лучших школ от всех районов города Алматы.

Военно-патриотическая игра «Сарбаз»



видам спорта, исполнение строевой песни, творческие и интеллектуальные конкурсы.

Спонсорами военно-патриотической игры «Сарбаз» являются: профсоюзный комитет КазНУ имени Аль-Фараби «Парасат»; «Городской учебно-практический центр физической культуры и спорта» Управления образования города Алматы; Национальный центр «Бобек». Информационными

спонсорами выступают республиканская военно-патриотическая газета «Сарбаз» и газета КазНУ имени Аль-Фараби «QAZAQ UNIVERSITETI».

Военно-патриотическая игра «Сарбаз» будет проводиться на базе военной кафедры НАО «КазНУ имени Аль-Фараби» 25 апреля 2025 года, по адресу: город Алматы, 1 микрорайон 36.

Военная кафедра КазНУ

10 февраля 2025 года было проведено согласование Положения о военно-патриотической игре «Сарбаз» с руководителем Управления образования города Алматы Сайфеденовым Сайраном Тапеновичем. Утверждено Положение о военно-патриотической игре «Сарбаз» Членом Правления – проректором по академическим вопросам НАО «КазНУ имени Аль-Фараби» Казмагамбетовым Алтаем Габдрахмановичем.

В ходе военно-патриотической игры «Сарбаз» предусмотрены состязания школьников по военно-прикладным

Қазақ руханиятының темірқазығы

Абай Құнанбайұлы – қазақ халқының ойшыл ақыны, ағартушысы. XIX ғасырда өмірге келіп, бүкіл ғұмырын қазақ қоғамының дамуына арнаған ұлы данагөй ақын болды. Абайдың шығармалары ұлттық сана-сезімді оятуға, халықты білімге, адамшылыққа жетелеуге арналған.



Анасы алтын құрсақ,
алтын адам,
Атасы аламанда
арқыраған.
Шығыстан шыққан ұлы
ойшылымыз
Шығыстан шыққан күндей
жарқыраған!

Ұлы ойшыл шығармашылығының негізгі мұраты халықты білімге, ғылымға, еңбекке баулу болды. Өз заманындағы әділетсіздікке қарсы шығып, ел басқару ісіне өзгерістер енгізуге тырысты. Атақты қара сөзде-

рінде қоғамның өзекті мәселелерін көтеріп, адамның кемелдену жолын көрсетті. Ал поэзиясы – халық өмірінің айнасы. Оның өлеңдері қазақтың тұрмысын, мәдениетін, болмысын терең суреттейді. Ол махаббатты, табиғатты, адамгершілікті жырлады.

Абай – қазақ халқының кемеңгер ұстазы, рухани көсемі. Оның мұрасы – қазақ мәдениетінің алтын темірқазығы. Бүгінде Абайдың шығармалары тек қазақ халқына ғана емес, шетелдерде де танымал. Ұлы ақынның жауһар сөзі мен өлеңі әрбір қазақтың жүрегінде мәңгі сақталмақ. Биыл Абай Құнанбаевтың туғанына – 180 жыл. Ақынның мерейтойы еліміз бойынша жан-жақты аталып өтпек. Осыған орай, химия және химиялық технология факультетінде біршама іс-шара ұйымдастырылуда.

Назым ЕЛІБАЕВА,
ОҚИТУШЫ

Әсет ЖАҚАН,
3-курс студенті

«Ақыл, қайрат, жүректі бір ұстаған,
Қарсы келер Абайдың кім бетіне?» – деп Жамбыл атамыз жырлап кеткендей, ұлы ойшыл ұлтымыздың рухани жетілуіне өлшеусіз үлес қосты. Ол өлеңі мен қара сөздері арқылы халықты надандық пен жалқаулықтан арылуға шақырды. Абайдың шығармалары арқылы қазақ даласына жаңа мәдениет, жаңа ойлау жүйесі енді. Ақын атамыз қазақ тілін байыта отырып, орыс және батыс әдебиетінің озық үлгілерін аударды. Пушкин, Лермонтов, Крыловтың шығармаларын қазақ тіліне тәржімалап, халықты әлем әдебиетінің жауһарларымен таныстырды.

Әбу Насыр әл-Фараби - 1155

Адам білімді және тәжірибелі болмай тұрып, көптеген нәрсені терістеп, негізсіз деп табады, оларды абсурд деп ойлайды; ал ғылымды меңгеріп, тәжірибесін молайтқан шағында ол үшін олар қажетті нәрселерге айналады. Сөйтіп, өзі бұрын абсурд деп ойлаған ойына қайран қалады.

Массаж – сауықтыру саласының бір бағыты

Қазіргі заманда массаж ұғымы көпшілікке түсінікті болғанымен, оның мәні мағынасына тереңірек үңілу, әрине, қашанда артық болмайды.

мен мидағы нерв талшықтарының жұмысын белсендірумен қатар, адамның бойындағы ішкі энергетикасын сезіну арқылы оның жағымды болуына да әсер ете алады. Яғни бойымыздағы түйінделіп қалған нерв талшықтарын босату, бақыт және қуаныш гормондары – дофамин, серотонин және эндорфиннің бөлінуін қамтамасыз етеді. Ал бұл гормондар адамның ішкі энергетикасының позитивті әрі жеңіл болуында үлкен рөл атқарады. Сәйкесінше, ішкі энергетикасы позитивті әрі жеңіл болғанда адамда өзгені өзіне тартарлық, жанға қуаныш сыйлайтын бір күш және энергетика болады. Алайда қалыптасқан ішкі энергия туксондық массаж терапевтінің пайымдауында, массаж сеансындағы науқаспен физикалық жанасусыз сезінуге болатын дүние.

Массаж – медициналық және психикалық ем-шараны инвазивті емес әдіспен жүзеге асыратын, жан-жақты дамыған сауықтыру саласының бір бағыты.

Массаж бен ішкі энергияның өзара арақатынасы өте жоғары деңгейде болады және массаж медицинаның сауықтыру бағытындағы ажырамас бір бағыты болып әрдайым жалғаса бермек. Оған дәлел ретінде ежелгі заманнан сақталған медициналық еңбектер және «Акматор» деп аталатын египеттік ежелгі табыттың суретінде екі ер адамның бір-бірінің аяқ-қолына массаж жасап жатқанын байқауға болады. Сонымен қатар бүгінгі таңда жарық дүниеге келген нәрестеге де «бұлшық еттің гипер және гипотонусына жасалатын» массаждан бастап, ересектерге жасалатын демалдыру және дренаждық массаждың өзі медицина саласында үлкен жетістікке жеткен сауықтыру шарасы және табыс көзі.

Массаж жасау – адам организмінің функционалдығын жақсарту, атап айтқанда қолмен жанасу арқылы тері рецепторлары бойы-

Қорытындылай келе, массаждың өміршеңдігі, әрине, оған деген сұраныстың жоғары болуымен айқындалуда. Себебі әрбір саналы адам үшін өз денсаулығы бәрінен де артық және тек медициналық сауаты жоғары адамдар ғана емес, қоғамның басқа да мүшелері өзіне жасалған сауықтыру шараларының барынша табиғи жолмен, қауіпсіз әрі тиімді болғанын қалайды әрі қолдайды.

Ақжарқын КҮЗБАЕВА,
«Мейіргер ісі» кафедрасының
3-курс студенті

Әбиба Гран-при турнирінде алтын алды

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің 2-курс студенті, қазақстандық танымал дзюдошы Әбиба Әбужақынова Австрияның Линц қаласында өтіп жатқан дзюдодан Гран-при турнирінде 48 келі салмақта алтын жүлде жеңіп алды.



Финалдық жекпе-жекте спортшы жапондық Сачиyo Йошиноны 10-1 есебімен жеңді.

Финалға дейін Мизуки Харада (Жапония), Жаклин Шпрингер (Австрия), Эмбер Харсьесті (Нидерланды) жеңді.

Әбиба Әбужақынова

Әлем чемпионатының екі дүркін қола жүлдегері, Азия чемпионатының екі дүркін күміс жүлдегері және Азия ойындарының күміс жүлдегері.

Халықаралық әлемдік додаға 52 мемлекеттен 500-ге жуық спортшы, оның

ішінде Қазақстаннан 16 спортшы қатысуда.

ҚазҰУ спортшысын кезекті жеңісімен құттықтаймыз!

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың
Баспасөз қызметі

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық университеті

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
Басқарма Төрағасы – Ректоры
Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ

Ақпарат және коммуникациялар
департаментінің директоры
Қаншайым БАЙДӘУЛЕТ

Бас редактор: Гүлнар ЖҰМАБАЙҚЫЗЫ
Жауапты хатшы-дизайнер: Талғат КІРШІБАЕВ
Тілшілер: Қайыржан ТӨРЕЖАН,
Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ
Фототілші: Марат ЖҮНІСБЕКОВ
Корректор: Күләш ҚАДЫРБАЕВА

МЕКЕНЖАЙЫ:

- 050040, Алматы қ., Әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 3-қабат, №305, 307 бөлме. Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 32-27, 32-28, тікелей: 377-31-48.
- Электронды мекенжай: kaznugazeta@gmail.com
- Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Everest» баспаханасында басылды.

Кезекші редактор: Қайыржан ТӨРЕЖАН

Бағасы келісім бойынша.

Газетке жазылу индексі: 64787

Таралымы – 2000

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Qazaq universitetine» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.